

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 желтоқсандағы N 1262 Қаулысы
"2008 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының
2007 жылғы 6 желтоқсандағы Заңына, "Республикалық және жергілікті бюджеттердің
атқарылу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20
наурыздағы N 225 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ**
Е Т Е Д І :

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне Еуразиялық экономикалық
қоғамдастықтың қосымша сараптамалық талдау, оның ішінде мемлекетаралық
бағдарламаларды дайындау және іске асыру, әлемдік қаржы дағдарысының
зардаптарын жою жөнінде шаралар әзірлеу, Интеграциялық Комитет мүшелерінің ай
сайынғы отырыстарын өткізу және тиісті сараптамалық топтардың жұмыстарын
ұйымдастыру жөніндегі жұмыстарды өткізуі үшін 2008 жылға арналған республикалық
бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған
резервінен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі берілетін күнге белгілеген бағам
бойынша 10000000 (он миллион) ресей рубліне баламалы сомада ақшалай қаражат
б ө л і н с і н .

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты
пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі К. Мәсімов